

Ата – аналармен жұмыс

Мектепте ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Ата-аналармен жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттыру, тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды күшейту және мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Оқу жылы барысында ата-аналар жиналыстары өткізілді. Жиналыстарда тоқсан қорытындылары талданып, білім сапасын көтеру жолдары қарастырылды. Сонымен қатар оқушылардың мектептегі және үй жағдайындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Ата-аналармен тәрбиелік бағытта «Өнегелі 15 минут» форматындағы кездесулер жүйелі түрде ұйымдастырылды. Бұл кездесулер барысында бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, оқушылардың тәртібі, жауапкершілігі, сондай-ақ жағымсыз әдеттердің алдын алу мәселелері қозғалды. Ата-аналармен ашық пікір алмасу жүргізіліп, пайдалы кеңестер берілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуы артты, өзара байланыс нығайды. Оқушылардың тәртібі мен білім сапасына оң әсер байқалды.

Алдағы уақытта ата-аналармен жұмысты одан әрі жетілдіру, бірлескен іс-шараларды көбейту жоспарлануда.

2025 жылдың 19 қыркүйегі мектебімізде “Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі” атты жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.

◆ Жиын барысында келесі өзекті мәселелер қарастырылды:

□ Оқу-тәрбие процесінің барысы

▣ Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар.

▣ Балалардың қауіпсіздігі және құқықтарын қорғау.

▣ «Мектептің психологиялық – педагогикалық қызметі» жайында баяндама және тренинг.



Ата-аналар мен мектеп ұжымы арасында ашық диалог орнап, балалар тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелер жан-жақты талқыланды. Осындай кездесулер – мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланысты нығайтып, ұрпақ тәрбиесінде ортақ жауапкершілікті арттырады.



Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі»

Ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі, ата-ананың жауапкершілігі және мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығы туралы әңгіме қозғалды. Ата-аналар өз ой-пікірлерімен бөлісіп, ұсыныстарын білдірді.

Жиналыстың мақсаты – ата-аналар ұжымын біріктіру және бала тәрбиесіндегі отбасының маңызын арттыру – толық орындалды.

Жиналыс соңында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, алдағы уақытта бірлесе жұмыс жасау жөнінде келісімге келінді.



Ата-аналарға арналған «Қауіпсіздік ережелері және тоқсан қорытындысы» тақырыптарын қамтитын жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында тоқсан қорытындысы талданып, білім сапасын көтеру жолдары қарастырылды. Сонымен қатар оқушылардың үйдегі және мектептегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мақсаты: білім сапасын көтеру жолдарын анықтау және үй жағдайында қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ата-аналарға түсіндіру.





Ата-аналармен тәрбиелік бағытта «Өнегелі 15 минут» іс-шарасы жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Кездесулер барысында бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, оқушының тәртібі, білім сапасын арттыру жолдары, сондай-ақ үйдегі және мектептегі қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері қарастырылады.

«Өнегелі 15 минут» аясында ата-аналарға пайдалы кеңестер беріліп, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдайлар бойынша пікір алмасу ұйымдастырылады. Бұл іс-шара ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, оқушылардың тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.



